

**Кезектен тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілу күні: 24.11.2023

Қатысқандар саны: 24

Тақырыбы: №61 «Шолпан» балабақшасының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және комиссия құрамын бекіту.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжымды 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру туралы;
2. Бағаланатын кезеңде №61 «Шолпан» балабақшасы өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі З.Махашева «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 05.12.2023ж желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес Астана қаласының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау өткізілетінін атап өтті.

Бекітілген тізімге сәйкес 2024 жылғы қаңтар айында №61 «Шолпан» балабақшасы мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін жалпы білім беретін бағдарламаны іске асыратын «Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және министрінің 05.12.2022 ж. №486 бұйрығының бағалау критерияларына сәйкес, материалдарды дайындау және талдау комиссиясын құру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы З.Махашева комиссия төрайымы болып тағайындалды. Сондай-ақ комиссияға біліктілік санаты бар педагогтар кіруі тиіс екенін атап өтті, алдағы жұмыс барысында сапалы және жауапкершілікпен орындау керектігін ескертті.

Комиссия құрамына кіретін кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар дауыс беру кезеңінде комиссия мүшелері құрамын бірауыздан қабылдады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамына төмендегі тізім бойынша бекітілсін:
Комиссия төрайымы-меңгеруші 3.У.Махашева
-Б.М.Орынбаева –І санатты тәрбиеші
-Р.Адетхан- тәрбиеші,педагог-модератор
-Г.Б.Кульджанова-әдіскер
-Н.А.Тлеумбетова-медбике
2. 2023 жылғы 5 желтоқсанға дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін.
Қамқоршылық кеңесті өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру және қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін.
Мектепке дейінгі ұйымның сайтына жүктелсін.

Төрайым:


Хатшы :





3.У.Махашева


Ә.Шаймерденова

Бұйрықпен таныстым:

 Б.М.Орынбаева

 Р.Адетхан

 Г.Б.Кульджанова

 Н.А.Тлеумбетова